Исх. № 16-13-06/665 от 29.01.2026, Вход № 42/159 от 29.01.2026

Рег.№ 42/159 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 24.02.2026 09:32. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметіндегі проблемалық мәселелерді шешу бойынша кешенді шараларды әзірлеу жөніндегі жұмыс топтың
ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы № 1 2026 жылғы 23 қаңтар

Төрағалық еткен: Қала әкімінің бірінші орынбасары А. Кәрімов.
Қатысқандар: мемлекеттік мекемелер және ұйымдар.

I. «Тауар өндіруге тапсырыстарды орналастыру туралы»

(С. Жұмағұлов, Қ. Бақтыбай, Б. Ниязбеков, Б. Тайғашов, А. Ақылбек, Б. Алдабергенов, А. Рахматуллаев, Қ. Қалдықараев, М. Ажедин, М. Тәжібаев, Ж. Жорахан, Ж. Машбек, Д. Балғанов)

1. Мемлекеттік сатып алу басқармасы, «Еңбек-Шымкент» РМК филиалы (келісім бойынша), білім басқармасы, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы, мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы, дене шынықтыру және спорт басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы және аудан әкімдері аппараты қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес:

«Еңбек» РМК кәсіпорындарында тауарлар өндіру бойынша тапсырыстарды орналастыру мүмкіндігін пысықтау мәселесіне қатысты атқарылған жұмыстар жеткіліксіз деп танылсын.

Осы бағыттағы жұмыстарды орындау мәселесінде өзге өңірлерде қабылданып жатқан шараларға назар аударылсын *(қала көшелерін жарықтандыруға қызмет көрсету, орындықтар мен урналар дайындау, балаларға арналған ойын алаңшаларын дайындау, қоқыс үшін контейнерлер дайындау, арнайы киімдер дайындау және т.б.)*.

«Еңбек» РМК кәсіпорнымен тауар өндіру тапсырыстарын орналастыру бойынша бір көзден тікелей шарт жасасу мүмкіндігін қарастырып, осы бағыттағы жұмысты жетілдірсін.

Жасалған шарттар туралы ақпаратты Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасына жолдасын.

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 6 ақпанға дейінгі мерзімде.

II. «Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды коммуналдық кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру туралы»

(С. Жұмағұлов, Ж. Мақұлбаев, Е.Тұрманов, М. Абдрахманов, Қ. Қалдықараев, Қ. Бақтыбай, М. Ажедин, М. Тәжібаев, Ж. Жорахан, Ж. Машбек, Д. Балғанов)

2. Қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы, аудан әкімдері аппараты, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес:

№ 56 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды жекеменшік кәсіпорындарға (абаттандыру) жұмысқа орналастыру мәселесінде Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне тиісті көмектер көрсетілсін.

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 9 ақпанға дейінгі мерзімде.

3. Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті (келісім бойынша) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес:

«Қылмыстық-атқару жүйесінің проблемалық мәселелері туралы» 2025 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы А. Дәдебайдың хаттамалық тапсырмасын тиісінше орындау мақсатында қауіпсіздігі барынша № 56 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды жұмыспен қамту практикасына қатысты *(елді мекендерді абаттандыруға жұмылдырылған коммуналдық кәсіпорындарда жұмыс істеуін басым тәртіппен айқындау)* нормативтік құқықтық негіздемелері туралы ақпаратты ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекция комитетінен жұмыс тәртібінде анықтау және кейіннен жұмыс топты хабарлау ұсынылсын.

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 6 ақпанға дейінгі мерзімде.

4. Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, «Еңбек-Шымкент» РМК филиалы (келісім бойынша) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес:

№ 53 және № 54 түзеу мекемелерінің өндіріс аймақтарын индустриалық аймаққа өзгерту мәселесін жуық арада ұйымдастырып, оған қатысты басқарушы ұйымды айқындасын.

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 5 ақпанға дейінгі мерзімде.

Хаттамалық тапсырмалардың орындалуы бойынша ақпараттар келісім бойынша Шымкент қаласы әкімінің аппаратына ұсынылсын.

Қала әкімінің бірінші орынбасары **А. Кәрімов**

Рег.№ 42/159 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 24.02.2026 09:32. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 42/159 от 29.01.2026 г.
Организация/отправитель	АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ШЫМКЕНТА
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК ГОРОДА ШЫМКЕНТ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Аппарат акима города Шымкент" Подпись руководителя: АБДРАХАНОВ АСЕТ MIIROQYJ...zL4CtiRPH Время подписи: 29.01.2026 10:57 Государственное учреждение "Аппарат акима города Шымкент" Подпись канцелярии: МОМЫНБЕКҚЫЗЫ АРАЙЛЫМ MIIRVgYJ...fQZh4UTo= Время подписи: 29.01.2026 11:01 ЭЦП канцелярии: Делопроизводитель Достиярова Гульшат Омировна без ЭЦП Время подписи: 29.01.2026 11:35

Рег.№ 42/159 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 24.02.2026 09:32. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Подпись канцелярии
29.01.2026 11:01 МОМЫНБЕККЫЗЫ АРАЙЛЫМ

Подпись руководителя
29.01.2026 10:57 АБДРАХАНОВ АСЕТ

Рег.№ 42/159 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 24.02.2026 09:32. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП